

**Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 4 ақпанда № 8318 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 14 сәуірдегі № 64 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.04.2026 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Республикасы Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 8-бабының 3 және 13-тармақтарын, 8-1-бабының 2-тармағының 4) және 6) тармақшаларын, 11-1-бабының 14-тармағын, 13-1-бабының 2-тармағының 8) тармақшасын, 17-бабының 5-тармағын, 17-1-бабының 1 және 6-1-тармақтарын, 18-бабының 1-тармағын, 20-бабының 15-тармағын, 30-бабының 12-тармағын, 40-бабының 9-тармағын, 44-бабының 5-тармағын, 45-бабының 7-тармағын, 52-12-бабының 3-тармағын және 60-бабының 7-тармағын, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 6-тармағын, 21-бабының 4-тармағын, 26-бабының 1-тармағын, 32-бабының 14-тармағын, 34-бабының 15-тармағын, 44-бабының 6-тармағын, 48-бабының 3, 9 және 10-тармақтарын, 62-бабының 9-тармағын, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 2-тармағын, 72-1-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.07.2023 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Мынадай Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды тұлғалар үшін халықаралық шәкіл бойынша Standard & Poors рейтингтік агенттігінің "BBB"-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен емес шетел валютасындағы ең төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі белгіленсін:

банк холдингі мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар не олардың бас ұйымдары;

сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар;

банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғаларды не олардың бас ұйымдарын;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар үшін;

Қазақстан Республикасында еншілес банктер құратын (еншілес банктері бар) банктер;

Қазақстан Республикасында еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары;

Қазақстан Республикасының аумағында өз филиалдарын ашатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті- банктері;

Қазақстан Республикасының аумағында өз филиалдарын ашатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

Мынадай Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – заңды тұлғалар үшін Standard & Poors рейтингтік агенттігінің "B"-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі кредиттік рейтинг белгіленсін:

ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне иеленген);

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын еншілес ұйымдары бар.

Банктер туралы заңның 8-1-бабының 2-тармағы 4) тармақшасының мақсаттары үшін мынадай ұзақ мерзімді ең төменгі тәуелсіз рейтинг белгіленсін:

шет мемлекеттің шетел валютасында - Standard & Poors рейтингтік агенттігінің шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең

төменгі рейтингі "BBB"-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес.

Банктер туралы заңның 8-1-бабының 2-тармағы б) тармақшасының мақсаттары үшін халықаралық шкала бойынша мынадай ең төменгі жеке кредиттік рейтингі белгіленсін:

ұйымның шетел валютасында – Standard & Poors рейтингтік агенттігінің шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі рейтингі "BBB"-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.07.2018 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1-1. Банктер туралы заңның 30-бабы 12-тармағының 1) және 2) тармақшаларының мақсатында "BBB"-тен төмен емес (Standard & Poors және (немесе) Fitch рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Baa3"-тен төмен емес (Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) шетел валютасындағы ұзақ мерзімді ең төменгі тәуелсіз рейтингі белгіленсін.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.01.2018 № 6 (01.03.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1-2. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің талаптары мыналарға:

1) төменде көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келетін:

заңды тұлғаның халықаралық шкала бойынша Standard & Poors (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің "BB-" рейтингінен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді ең төменгі кредиттік рейтингі бар;

Standard & Poors (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің "BB-" рейтингінен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік

агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз ең төменгі рейтингі бар шет мемлекеттің резиденті болып табылатын;

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және заңды тұлға резиденті болып табылатын шет мемлекеттің банктердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органының арасында ақпарат алмасу көзделетін келісім жасалған Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғаларына қолданылмайды.

Рейтингтік агенттіктің осы тармақшада көрсетілген заңды тұлғаға рейтингтік агенттіктің бастамасы бойынша рейтингтік қызметтер көрсетуді тоқтатуымен байланысты кредиттік рейтингті кері қайтарып алған жағдайда, осы кері қайтарып алу алдында берілген кредиттік рейтингтің деңгейін қатарынан 12 (он екі) ай ішінде пайдалануға жол беріледі;

2) 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тиісті мәртебе алған және көрсетілген күні төменде көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келетін:

банк холдинінде ұлттық шкала бойынша Japan Credit Rating Agency (Джапан Кредит Рейтинг Эйдженси) (бұдан әрі - JCR) рейтингтік агенттігінің не JCR үлестес тұлғасы болып табылатын рейтингтік агенттіктің "AAA"-дан төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар;

Standard & Poors (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің "BB"-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингі бар шет мемлекеттің резиденті болып табылатын;

Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы мен банк холдингі резиденті болып табылатын шет мемлекеттің банктердің қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органының арасында ақпарат алмасу көзделетін келісім жасалған Қазақстан Республикасының бейрезидент - банк холдингтеріне;

3) көрсетілген банктің банк холдингі мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резидент - қаржы ұйымының акцияларына иелік ету арқылы банктің банк холдингі мәртебесін иеленетін (бар) және төмендегі барлық талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғаларына қолданылмайды:

Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасының Standard & Poors (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің "B"-тен төмен емес халықаралық шкала бойынша шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтері бар;

Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасы Standard & Poors (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің "А"-дан төмен емес шетел валютасында ең төмен тәуелсіз рейтингі немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтері бар шет мемлекеттің резиденті болып табылады;

Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасының акциялары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) белгіленген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелеріне, капиталының мөлшеріне (бұдан әрі – Нормативтер) 8-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары танытын сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржасында еркін айналымда жүрген;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - заңды тұлғасының меншікті капиталының мөлшері 200 000 000 (екі жүз миллион) Америка Құрама Штаттарының долларына баламалы сомадан асады;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - заңды тұлғасының таза табысының меншікті капиталына қатынасы ретінде есептелетін меншікті капиталдың рентабельділік коэффициенті кемінде 3 (үш) пайызды құрайды;

өтелгенге дейін қалған мерзімі қоса алғанда 3 (үш) ай болатын өтімділігі жоғары активтердің өтелгенге дейін қалған мерзімі қоса алғанда 3 (үш) айға дейін мерзімді міндеттемелер мөлшеріне қатынасы ретінде есептелетін Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасының мерзімді өтімділік коэффициенті кемінде 0,8 (нөл бүтін оннан сегіз) құрайды;

меншікті капиталдың активтер сомасына қатынасы ретінде есептелетін Қазақстан Республикасы бейрезидент - заңды тұлғасының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті кемінде 8 (сегіз) пайызды құрайды;

Қазақстан Республикасы бейрезидент - заңды тұлғасының аудитін мына халықаралық аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді:

Deloitte (Делойт);

Ernst & Young (Эрнст энд Янг);

KPMG (КиПиЭмДжи);

PricewaterhouseCoopers (ПрайсуотерхаусКуперс).

Осы тармақтың 3) тармақшасы жетінші абзацының мақсаттары үшін өтімділігі жоғары активтер деп Нормативтердің 65-тармағында аталған активтер түсініледі.

Осы тармақтың 3) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарында көрсетілген мәндер Қазақстан Республикасы бейрезидент - заңды

тұлғасының аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігінің негізінде соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша есептеледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-1. Банктер туралы заңның 52-12-бабының 3-тармағының мақсаты үшін рейтингті осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктердің бірі береді.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2015 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Рейтингілік агенттіктердің мынадай тізбесі белгіленсін:

Standard & Poors;

Moody's Investors Service;

Fitch.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.01.2018 № 6 (01.03.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктер рейтингілері сәйкестігінің салыстырмалы кестесі осы қаулының 1-қосымшасында белгіленген.

5. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы 2012 жылғы 4 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 385 қаулысына  
1-қосымша

### Рейтингілердің салыстырмалы кестесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.05.2019 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Standard & Poors	Moody's Investors Service	Fitch
1.	AAA	Aaa	AAA
2.	AA+	Aa1	AA+
3.	AA	Aa2	AA
4.	AA-	Aa3	AA-

5.	A+	A1	A+
6.	A	A2	A
7.	A-	A3	A-
8.	BBB+	Baa1	BBB+
9.	BBB	Baa2	BBB
10.	BBB-	Baa3	BBB-
11.	BB+	Ba1	BB+
12.	BB	Ba2	BB
13.	BB-	Ba3	BB-
14.	B+	B1	B+
15.	B	B2	B
16.	B-	B3	B-

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 385 қаулысына  
2-қосымша

### **Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болау қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4139 тіркелген);

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 20 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4068 тіркелген, 2006 жылғы 17 ақпанда "Заң газеті" газетінде № 28-29 (835) жарияланған) 1-тармағының 2) тармақшасы;

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу

туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 1 желтоқсанда № 3236 тіркелген);

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы № 159 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4400 тіркелген, 2006 жылғы 24 қазанда "Заң газеті" газетінде № 187 (993) жарияланған);

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы № 186 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4818 тіркелген);

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 қарашадағы № 255 қаулысы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5066 тіркелген );

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болау қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 29 қазандағы № 163 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5390 тіркелген );

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болау қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2009 жылғы 30 қарашадағы № 248 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6004 тіркелген );

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болау қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 129 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6544 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК